



Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

Ойлау мен қиял

Қабылдаған: доц. Ибраимова Ж. К

Орындаған: 6M011600-география, 1-курс магистранты

Асанхан Ақерке

Жоспар:

1. Қиял жөнінде түсінік.
2. Қиял түрлері.
3. Қиялдың жасалу жолдары.
4. Ойлау туралы жалпы ұғым.
5. Ойлаудың түрлері.

Қиял

Қиял — сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының субъективтік образдарын қайтадан жаңартып, өндеп, бейнелеуде көрінетін, тек адамға ғана тән психикалық процесс.



«...барлық жан қуаттарын
(рухани күштерді) тек қиял
ғана өзіндік сақталатын
сезімдік заттарды
модельдендіре алады»
әл-Фараби

Адамда қиял пайда болған кезде ми қабығында бұрын жасалған уақытша байланыстар түрлі комбинацияларға түседі де, жаңа нәрселердің бейнесі туып отырады. Уақытша байланыстарды қайта жасап, өндеу процесінде екінші сигнал жүйесі шешуші рөл атқарады.

Адамдардың қиялына тән кейбір ерекшеліктерді төмендегіше топтастыруға болады:



Актив қиялдың ерекше бір түрі — арман.



Қиялдық бүтіндей пассивтік түрінің шегі - түс көру. Түс көрудің физиологиялығын жан-жақты түсіндіріп берген И. П. Павлов болды.

Түсте небір ақылға сыйымсыз образдардың жасалатыны белгілі. Өйткені бұл кезде мидағы сигнал жүйелерінің арасындағы байланыс әлсірейді, мұнда негізінен бірінші сигнал жүйесі ғана қызмет істейді. Түсте реалдық образдар мен нәрселердің фантастикалық түрде қосылуынан ғажайып образдар жасалады.

Арман дегеніміз өз қалауымызша жаңа образдар жасау. Мұның творчестволық қиялдан ерекшелігі мынада: арман өзіміздің тілеген келешекке бағытталған қиял процесі. Арман творчестволық әрекетпен тікелей байланысты емес, ол творчестволық қиялдың бірінші дайындық сатысы.

Қиял түрлі елестеулердің өзгеріп, өнделуінің арқасында жасалып отырады.

- анализ
- синтез
- гипербола
- типтік образдар жасау
- агглютинация

Гипербола



Гипербола деп нәрсенің жеке сипаттары, белгілерін үлкейтіліп көрсетілуін айтады. Сөйткенде образ ашық, мәнерлі болып шығады, гиперболада белгілі бір бейнелердің алға шығып айқын байқалуына жағдай жасалады. Ертегілерді, киял-гажайып бейнелерді жасауда гипербола көп қолданылады.

Осы әдіс арқылы мифологиялық, бейнелер (кентавр, сфинкс, жезтырнақ) мен түрлі механизмдердің, машиналардың конструкциялары (амфибия — танк, судан өте алатын жеңіл танк, аэрошана — суға қонып, ұша алатын самолет) құрастырылады.

Агглютинация әдісі ежелгі Мысыр елінде, сондай-ақ, Солтүстік Америка индеецтерінің өнер ескерткіштерінен үлкен орын алған.

АГГЛЮТИНАЦИЯ

типтік образдар жасау

Типтік образдар жасау дегеніміз тұтас бірқатар объектілердің барлығына бірдей, ортақ белгілері бар бір образ жасап, жанастыру. Жазушының осылайша жасаған типтік образы бір жағынан жеке адамның даралық ерекшеліктерін білдіретін образ болып та есептелінеді. Мәселен, «Абай» романындағы Құнанбай образы сол кездегі үстем тап өкілдерінің жай ғана жиынтығы емес, сонымен қатар, ол өзіндік психологиялық қасиеттері бар жеке адамның да образы.




Ойлау

Ойлау дегеніміз сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс-қатынастарының миымызда жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі.


Ойлаудың түрлері



Шығу тегі мен пайда болуы (генезі) бойынша:



Көрнекі-әрекеттік ойлау—
мәселені шешу жағдаятын
шынайы түрлендіретін,
бақыланатын қозғалыстық
әрекет арқылы іске асатын
ойлау түрі.



Көрнекі-бейнелік ойлау—
жағдаят тек бейне
жоспарында ғана түрленетін
ойлау түрі

Мәселенің түріне байланысты:

- **Теориялық ойлау**—ғылыми ұғымдарды пайдалану негізінде заңдар мен ережелерді танып—білуден тұратын ойлаудың жоғары дамыған түрі.
- **Практикалық ойлау**—ақиқатты физикалық түрде өзгертуге дайындық күйін (мақсат қою, жоспар, жоба, схема құру) білдіретін ойлау түрі. Бұл ойлау түрі кеңес ғылым—психологы Б.М. Тепловпен едәуір көп зерттелінген.

Таным түрі бойынша:

Эмпириялық ойлау—теориялық ойлаумен салыстырғанда, қарадүрсін, жағдаяттық жалпылаулармен байланысты болатын ойлаудың түрі.

Теориялық ойлау—ғылыми ұғымдар негізінде заттар мен құбылыстардың мәнін танып—білу.

Рефлексия немесе
саналу деңгейі
бойынша:

Интуитивтік ойлау

Рациональдық ойлау

Әрекеттің тәсілдері негізінде:

**Вербалдық
(сөздік)
ойлау**

**Көрнекі
ойлау**

Қорытынды

Қиял біздерге әсер еткен нәрселердің бейнесін байланыстар нәтижесінде қиысатын психикалық процесстердің барлық түрлеріне қатысты адам әрекеттерінің ерекше түрі деп сипатталған. Ойлау–жаңа ой репрезентациясы қалыптасатын процесс; ол міндеттерді шешу және қиялдау, пайымдау, дерексіздену, пікір айту тәрізді ой атрибуттарының күрделі өзара әрекетінде қол жеткізілеген ақпараттарды қайта әसाу жолымен жасалады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Аймауытов Ж. Психология.- Алматы, 1995.
2. Алдамұратов Ә. Қызықты психология.- Алматы, “Қазақ университеті”, 1992.
3. Алдамұратов Ә. Жалпы психология.- Алматы, “Білім” 1996.
4. Әбдірахманов А., Жарықбаев Қ. Психологиялық орысша- қазақша сөздік.- Алматы, “Мектеп”, 1976.
5. Интернет көздері.